

30.01.2019

Ауғанстанда соққан ажалдың ызғары

Ауған соғысына 40 жыл толуына орай көрме - естелік

Жақында абонемент бөлімінде Ауған соғысына 40 жыл толуына орай «Ауғанстанда соққан ажалдың ызғары» атты көрме - естелік ұйымдастырылып, тереңірек библиографиялық шолу жасалынды.

Іс - шара мақсаты: Ауған соғысының тарихи мағыналық ақиқатын ашу. Тәуелсіздік жолында күрескен ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, жастарды отансүйгіштікке, ерлікке баулу, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін ояту, жауынгерлердің қысқа ғұмырынан үлгі - өнеге тарихи тағылым беру, Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету.

Көрмеге қойылған кітаптар: Жантасов А. «Жартасты жастанған жасақ» Ю. Верченко «Афганский дневник», С. Алексеевич «Цинковые мальчишки», А. Чикишева «Спецназ в Афганистане», А. Проханова «Седой солдат», И. Дынина «Мужество: на земле Афганистана» т.б. Бұл кітаптар – тарихтың жанды дауысы.

Ең бастысы, осы кітап беттерінде жазылған, ұрпаққа жеткізген ақын жазушыларымыздың айтқан әңгімелері, естеліктері, тарихи деректері ешқашан ұмытылмайды. Отан үшін жанын берген қаһармандардың есімдері Даңқ мемориалдарында, ескерткіштер мен атаулы қабірлер тақталарында мәңгі өшпейтін алтын әріптермен жазылған. Олардың ерен ерліктері еш уақытта ұмытылмайды. Ауған соғысы он екіде бір гүлі ашылмаған боздақтардың қанымен жазылған тарих деп біледі кейінгі жас буын өкілдері. Жылдар жылжып өткенімен, ерлікпен қаза тапқан ержүрек жауынгерлеріміздің ерлігі ел есінде мәңгі сақталады. Көрме - естелік жыл бойы жұмыс жасайды.

